

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

|                        |                                                                                                                                               |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b> | филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                       |
| <b>Ақтаева К.</b>      | филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.                                         |
| <b>Әбсадық А.А.</b>    | филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан                         |
| <b>Аасланд Е.</b>      | философия докторы (PhD), профессор                                                                                                            |
| <b>Бредихин С.Н.</b>   | филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ                                            |
| <b>Гайнуллина Ф.А.</b> | филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан                                                  |
| <b>Ермекова Т.Н.</b>   | филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан                                  |
| <b>Есиркепова К.Қ.</b> | филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан      |
| <b>Жүсіпов Н.Қ.</b>    | филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан                                                       |
| <b>Каранфил Г.</b>     | философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова                                                         |
| <b>Курбанова М.М.</b>  | филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан |
| <b>Қамзабекұлы Д.</b>  | ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                     |
| <b>Құрысжан Л.Ә.</b>   | филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея                                              |
| <b>Онер М.</b>         | философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия                                                                          |
| <b>Олдфилд А.</b>      | Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ                                                                       |
| <b>Пименова М.В.</b>   | филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ                                                      |
| <b>Сайфулина Ф.С.</b>  | филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ                                                 |
| <b>Сенмез О.Ф.</b>     | философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия                                                           |

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

**Редакционная коллегия**

|                        |                                                                                                                                                     |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Аймухамбет Ж.А.</b> | доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                   |
| <b>Актаева К.</b>      | доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.                                                          |
| <b>Абсадық А.А.</b>    | доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан                              |
| <b>Аасланд Е.</b>      | доктор философии (PhD), профессор                                                                                                                   |
| <b>Бредихин С.Н.</b>   | доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ                                                    |
| <b>Гайнуллина Ф.А.</b> | кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан                                                               |
| <b>Ермекова Т.Н.</b>   | доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан                                 |
| <b>Есиркепова К.К.</b> | кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан                           |
| <b>Жусипов Н.К.</b>    | доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан                                                                  |
| <b>Каранфил Г.</b>     | доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова                                                         |
| <b>Курбанова М.М.</b>  | доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан |
| <b>Камзабекулы Д.</b>  | академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                  |
| <b>Курсыжан Л.А.</b>   | кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея                                                   |
| <b>Онер М.</b>         | доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция                                                                              |
| <b>Олдфилд А.</b>      | доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США                                                                               |
| <b>Пименова М.В.</b>   | доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ                                                             |
| <b>Сайфулина Ф.С.</b>  | доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ                                                     |
| <b>Сенмез О.Ф.</b>     | доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция                                                                   |

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60\*84 1\8. Бум. типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### **Editorial Board**

|                         |                                                                                                                                                             |
|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Aimuhambet Zh.A.</b> | Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                           |
| <b>Aktayeva K.</b>      | Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland                                                               |
| <b>Absadyk A.A.</b>     | Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan                                    |
| <b>Aasland E.</b>       |                                                                                                                                                             |
| <b>Bredikhin S.N.</b>   | Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF                                                                |
| <b>Гайнуллина Ф.А.</b>  | Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan                                                     |
| <b>Yermekova T.N.</b>   | Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan                                                |
| <b>Yesirkepova K.K.</b> | Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan                                 |
| <b>Zhusipov N.K.</b>    | Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan                                                                    |
| <b>Karanfil G.</b>      | Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova                                                                      |
| <b>Kurbanova M.M.</b>   | Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan |
| <b>Kamzabekuly D.</b>   | Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                    |
| <b>Kuryszhn L.A.</b>    | Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea                                                             |
| <b>Oner M.</b>          | Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey                                                                                   |
| <b>Oldfield A.</b>      | Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA                                                                          |
| <b>Pimenova M.V.</b>    | Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF                                                                  |
| <b>Seifullina F.S.</b>  | Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF                                                                  |
| <b>Senmez O.F.</b>      | (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey                                                                                             |

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2026 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

|                                                         |                                                                                                                                                               |    |
|---------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| АКМАГАМБЕТОВА Б.Е.,<br>САРСЕКЕ Г.Ә.,<br>ШАХИН И.        | Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері                                                                             | 7  |
| БЕРГІБАЕВА Д.Қ.,<br>КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А.,<br>СЕРДАЛИНА С.К. | Ділдік лексикон және қостілділік                                                                                                                              | 22 |
| DOSZHAN Z.A.,<br>YERSULTANOVA G.T.,<br>KNASSANOVA M.T.  | Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes                                                                 | 31 |
| ЕСКЕЕВА М.Қ.,<br>РАЙНБЕКОВА Г.С.                        | Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері                                                                                        | 40 |
| ЖЫЛКЫБАЕВА М.С.,<br>САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш.,<br>СПАТАЕВА С.Т.   | Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері                 | 48 |
| ИСКАКОВА Г.Ж.,<br>ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т.,<br>ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.   | Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу                                                                  | 57 |
| МАНАПБАЕВА Ж.Ж.,<br>АЛПЫСБАЕВА А.Е.,<br>ЖУСУПОВА А.У.   | Аударма сапасын бағалау тәжірибесі                                                                                                                            | 67 |
| ОСПАНОВА Ф.А.,<br>БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.                     | Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері                                                                                                      | 79 |
| SAKYEVA G.O.,<br>IBRAIMOVA L.A.                         | The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”)) | 90 |

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

|                                                           |                                                                                            |     |
|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| АБДУЛЛИНА А.Б.,<br>СҰЛТАҒАЛИЕВА О.Қ.,<br>СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А. | Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы                         | 98  |
| ALIYEV Y.N.,<br>TOIBAZAR A.M.,<br>TURDALI T.              | The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige) | 108 |
| АЛИМКАНОВА Г.Б.,<br>ЖҮСІПОВ Н.Қ.                          | Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары                       | 121 |
| ӘЛТАЙ А.Д.,<br>ЖӘЛЕЛОВА М.С.,<br>ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.        | Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс                           | 130 |
| БАКИРОВА Ш.А.,<br>БАЙМЫШ Л.Қ.                             | Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын                                                 | 140 |
| YERZHANOVA F.M.,<br>IBRAEVA ZH.B.,<br>MUKANOVA ZH. R.     | Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature          | 151 |

|                                                         |                                                                                                                                        |     |
|---------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| GALYMZHANOVA Z.T.,<br>BAYTANASOVA K.M.,<br>KALIYEV A.K. | The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a<br>perilous journey»                                                   | 162 |
| ИБРАГИМОВА Д.Қ.,<br>АСЫЛБЕКҰЛЫ С.,<br>ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.  | Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры                                                                                               | 171 |
| ИХСАН Д.М.                                              | Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың<br>жариялануы мен зерттелуі                                                         | 181 |
| КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М.,<br>ЖУСАНБАЕВА С.Б.                   | Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері<br>(А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)                                                      | 192 |
| МАКАТОВА А.А.,<br>ӘБСАДЫҚ А.А.                          | «Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор<br>материалдары                                                                   | 202 |
| МҰСТОЯПОВА А.Т.,<br>ИБРАИМОВА Ж.Ж.,<br>ЖАМАНОВА Ж.Ж.    | Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал<br>поэтикасы                                                                         | 211 |
| НҮРБАЕВА А.Н.,<br>ТӨЛЕБАЕВА Қ.,<br>ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.    | Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі<br>қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары<br>негізінде)                              | 222 |
| НҮРБАНОВА А.Қ.                                          | Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім<br>мен тәрбие құндылықтары                                                                | 235 |
| СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.,<br>ҚҰРМАНБАЙ А.П.,<br>ОБАЕВА Г.С.     | Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел<br>бейнесі: архетип және сана трансформациясы                                            | 245 |
| СЕЙПУТАНОВА А.Қ.,<br>НУРЛАНОВА А.Н.                     | Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар<br>шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің<br>тарихи негізі               | 257 |
| ХАМИДОВА А.Х.,<br>КАНАФИНА М.А.,<br>ЖУМСАКБАЕВ А.Т.     | Женский иронический детектив как форма<br>социокультурного комментария (на материале романа<br>Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника») | 267 |

#### **ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

|                                                        |                                                                                                                       |     |
|--------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| КАЙЫРБАЕВА Ж.К.,<br>РАХМЕТОВА Р.С.                     | Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде<br>дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі                    | 275 |
| KOILYBAYEVA R.K.,<br>KUSMANOVA K.A.                    | Formation of family values in children on the basis of family<br>discourse                                            | 388 |
| МАЖИЕВА Н.А.,<br>БАЛТАБАЕВА Н.С.,<br>А.БЕРКЕНОВА Р.    | ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы<br>оқыту                                                               | 299 |
| ОРАЗ А.Н.,<br>МАЛИКОВ Қ.Т.,<br>РАМАЗАНОВА Г.Х.,        | Қазақ тілін оқытуда корпусстық тәсілдердің лексикалық<br>дағдыларды қалыптастыруға ықпалы                             | 309 |
| ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С.,<br>ОДАНОВА С.А.,<br>ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.  | Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жиі жүйесі:<br>тіл үйренушілердің икемді дағды күзіреттілігін<br>қалыптастыру | 334 |
| ТОҒЫЗБАЙ Н.Б.,<br>ЕРСУЛТАНОВА Г.С.,<br>ЖУМАХАНОВА Н.Н. | ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің<br>ерекшеліктері                                                      | 346 |



**\*Ж.Б. СӨРСЕНБАЕВА<sup>1</sup>** **А.П. ҚҰРМАНБАЙ<sup>2</sup>** **Г.С. ОБАЕВА<sup>3</sup>** М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан <sup>1,2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан<sup>3</sup>  
(e-mail: [s.zhansulu.kz@mail.ru](mailto:s.zhansulu.kz@mail.ru)<sup>1</sup>, [aizhankurmanbai@gmail.com](mailto:aizhankurmanbai@gmail.com)<sup>2</sup>, [gso72@mail.ru](mailto:gso72@mail.ru)<sup>3</sup>)**\*АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «МҰНАРА» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ  
БЕЙНЕСІ: АРХЕТИП ЖӘНЕ САНА ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесінің архетиптік және психологиялық трансформациясы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі ұлттық әдебиеттегі әйел тұлғасының дәстүрлі әлеуметтік рөлдер шеңберінен шығып, рухани субъект, мәдени жадтың тасымалдаушысы және ішкі сана дамуының көркем бейнесі ретінде қалыптасу үрдісін ғылыми тұрғыда пайымдаумен байланысты. Мақсаты – «Мұнара» романындағы әйел бейнелерінің архетипін, оның мифопоэтикалық негіздерін және кейіпкердің ішкі психологиялық күйін талдау арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің суреттелуі қандай деңгейде екенін анықтау.

Мақаланы жазу барысында архетиптік-психоаналитикалық, мифопоэтикалық және герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар мәтіндегі символдар, уақыт және кеңістік бірліктері, табиғат пен тотемдік бейнелердің қызметі талдана ойтырып, олардың кейіпкер санасының трансформациясымен байланысы анықталды. Романдағы әйел бейнесі тек әлеуметтік тип немесе тұрмыстық деңгейдегі кейіпкер ретінде ғана емес, архетиптік сана кеңістігінде дамитын рухани тұлға ретінде қарастырылады. Автор кейіпкердің ішкі күйзелістерін, жалғыздығын, өзін-өзі іздеу, рухани жаңғыру кезеңдерінен өту барысын мифологиялық және символикалық бейнелер арқылы көркемдейді.

Нәтижесінде жазушы «Мұнара» романында әйел бейнесін әлеуметтік деңгейден рухани субъект деңгейіне көтергені, оны ұлттық мәдени кодтармен, архетиптік құрылымдармен және ұжымдық бейсанамен тығыз байланыста көркем бейнелегені тұжырымдалды. Роман құрылымы мен сюжеттік желісі кейіпкердің ішкі дамуын, жеке тұлғалану үдерісін және рухани кемелдену кезеңдерін көрсетеді. Осы тұрғыдан келегенде, «Мұнара» романы қазіргі қазақ прозасындағы әйел тұлғасының көркемдік интерпретациясын тереңдетіп, оның мәдени-философиялық және мифопоэтикалық мәнін ашатын маңызды шығарма ретінде бағаланады.

**Түйін сөздер:** әйел бейнесі, архетип, сана эволюциясы, трансформация, мифопоэтика, психологизм.

**Кіріспе.** Қазіргі қазақ прозасындағы әйел жанының терең психологиялық иірімдерін, рухани эволюциясын бейнелеуде түрлі ізденістер мен жаңашылдықтың озық үлгісін

\* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR31715839 «Әдебиеттану мен өнертану саласындағы іргелі зерттеулер: академиялық сабақтастық пен жаңа парадигмалар» жобасы аясында әзірленді.

көрсетіп жүрген қаламгерлердің бірі – Айгүл Кемелбаева. Ол өз шығармашылығында қазақ әйелінің болмысын жалаң-жадағай түрде емес, ұлттық дүниетаным мен әлемдік мәдени-мифологиялық кеңістікті ұштастыра суреттеуде үлкен шеберлік көрсетіп жүр.

Мифопоэтикалық қолданыспен символдық бейнелеу жүйесі оның шығармашылығының ерекшелігін көрсетеді. Оның шығармаларында өмір мен өлім, жарық пен көлеңке, тән мен рух арасындағы күрделі қатынас нәзік психологиялық штрихтар арқылы ашылады. Кемелбаева прозасында реализм мен мистицизмнің, миф пен экзистенциализмнің элементтері селбісіп жатыр. Оның шығармаларының тамыры тереңнен, халық ауыз әдебиетінен тартылған.

Әйел бейнесі – оның шығармаларының өзегін құрап тұратындай. Жазушы кейіпкерлерін әлеуметтік немесе тұрмыстық деңгейде ғана суреттеп қоймай, рухани-архетиптік кеңістікке көтере бейнелейді. Осы арқылы ол әйел табиғатын мәңгілік бастаулармен байланыстырады. Айгүл Кемелбаева шығармаларындағы әйел – тек эмоцияның көзі ғана емес, дүниенің тылсым сырын танушы, рухани эволюцияның субъектісі. Оның «Мұнара» атты романы әйелдің ішкі әлемін ұлттық мәдени кодтар, табиғат пен кеңістік символдары, архаикалық сана элементтері арқылы ашуға бағытталған.

Қазақ әдебиетінде әйел бейнесін рухани-мистикалық, архетиптік және экзистенциалдық негізде қарастыру ХХІ ғасырдың әдеби сыны мен әдебиеттануында жаңаша бағыт ала бастады. Айгүл Кемелбаеваның шығармашылығы осы бағыттың көрнекті көрінісіндей. Оның прозасындағы әйел кейіпкерлер – ұлттық дүниетаным мен әлемдік мәдени архетиптер түйісінен туған күрделі рухани тұлғалар.

Архетип ұғымын К.Г. Юнг адамзаттың ұжымдық бейсанасында қалыптасқан әмбебап бейнелер мен символдар жүйесі ретінде қарастырған [1]. Бұл архетиптер адамның ішкі әлеміндегі қайшылықтарды, эволюцияны және өзін-өзі тану процестерін бейнелеуге мүмкіндік береді.

Кемелбаева шығармаларындағы әйел бейнесі – үздіксіз рухани қозғалыс пен ішкі кемелденудің көрінісі. Жазушы әйел кейіпкерлерін қоғам мен дәстүр шеңберіндегі пассив тұлға ретінде емес, өзін-өзі тануға, рухани жаңаруға ұмтылған саналы субъект ретінде бейнелейді. Бұл трансформация көбіне символдық деңгейде жүзеге асады: кейіпкердің табиғатпен тіл табысуы, түн мен жарық, өлім мен өмір арасындағы өткелдерден өтуі оның сананың архетиптік қабаттарымен бетпе-бет келуін білдіреді. Кемелбаева үшін әйелдің рухани эволюциясы – тек жеке тұлғаның дамуы ғана емес, ұлттық жад пен әйелдік бастау түптамасына оралу процесі. Осы арқылы жазушы әйел табиғатын мистикалық және философиялық кеңістікте жаңаша танытады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақаланың теориялық және әдістемелік негізін әйел образының архетиптік, психоаналитикалық және мифопоэтикалық қырларын кешенді талдауға бағытталған заманауи гуманитарлық әдістер жүйесі құрайды.

Біріншіден, әйел бейнесін қарастыруда қазақ әдебиеттануындағы ғылыми пайымдар ескерілді. Осы бағыттағы отандық еңбектер жазушы шығармашылығын ұлттық дүниетаным мен гендерлік мәдениет контекстінде пайымдауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романына талдау жасау барысында мифопоэтикалық талдау әдісі қолданылды. Бұл тәсіл туындының көркемдік кеңістігіндегі архетиптік бейнелер мен символдардың қызметін, жазушы қолданған метафоралардың рухани-экзистенциалдық мәнін анықтауға бағытталды.

Үшіншіден, әйел кейіпкердің рухани эволюциясын ашуда К.Г. Юнгтің архетип теориясы басшылыққа алынды. Юнг ұсынған архетиптер жүйесі кейіпкердің ішкі трансформациясын интерпретациялауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар экзистенциалдық және феноменологиялық талдау элементтері кейіпкердің болмыс пен өзіндік сана арасындағы күрделі қатынастарын айқындауға қолданылды.

Осы әдістердің синтезі А. Кемелбаева шығармашылығындағы әйел бейнесін біржақты әлеуметтік не психологиялық құбылыс ретінде емес, рухани-архетиптік кемелденудің көркем көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.



Зерттеу материалы ретінде Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романы таңдалды. Бұл шығармақазіргіқазақпрозасындағыәйелбейнесініңрухани-архетиптіктрансформациясын зерттеуге ерекше мүмкіндік береді. Романда басты кейіпкердің ішкі әлемі, психологиялық иірімдері егжей-тегжейлі суреттелген, сондықтан ол әйел тұлғасының сана эволюциясын, рухани ізденісін және архетиптік қырларын зерттеуге тиімді.

«Мұнара» романының композициялық құрылымы мен сюжеті кейіпкердің ішкі психологиялық өсуі мен өзін-өзі тануының кезеңдерін нақты көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеу үшін қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін талдауға арналған кең көлемді ғылыми еңбектерге шолу жасалды. Атап айтқанда: «Образы женщин в дореволюционной казахской литературе» [2], «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы әйелдер образы» [3], «Эволюция образа женщины в героическом эпосе тюркоязычных народов (казахов, хакасов, алтайцев, киргизов, шорцев)» [4], «Типология женских образов в казахской прозе 20-30-х годов» [5], «Проблема автора и авторской позиции в женской прозе» [6], «Алғашқы қазақ романдарындағы әйелдер образын жасау эволюциясы» [7], «Әйел прозасындағы әйел образының ерекшелігі» [8], «Феминистская имагология» [9] және «Қазақ тарихи романындағы әйелдер бейнесінің жасалу ерекшеліктері (1960-1980 жж.)» [10] атты еңбектер зерттеу жүргізу барысында басты бағдар бола алды.

Бұдан бөлек, зерттеудің теориялық негізін архетип пен мифопоэтикалық талдау ұстанымдары құрайды. Архетип ұғымы мен ұжымдық бейсананың көркемдік қызметі К.Г.Юнг еңбектерінде жан-жақты негізделген [1]. Сондай-ақ Е.М.Мелетинский К.Юнг ұсынған теорияны тереңдете тұжырымдар жасайды [11]. Мифтік уақыт пен символдық қайталанудың мәнін ашуда М.Элиаде (1994) еңбектері маңызды рөл атқарады [12]. Қазақ әдебиеттануындағы мифопоэтикалық дәстүр мен архетиптік сана мәселелері С.Қасқабасов (1984), Т.Жұртбай (2005) және т.б. зерттеулерінде көрініс тапқан [13], [14]. Осы еңбектер Айгүл Кемелбаева шығармаларындағы архетиптік құрылым мен әйел бейнесінің рухани эволюциясын талдауда теориялық және әдістемелік негіз ретінде алынды.

**Талқылау мен бақылау.** Архетип ұғымы мен оның көркем мәтіндегі көрінісін талдауда К.Г.Юнгтің «ұжымдық бейсаналық» теориясы негізгі теориялық арқау болып табылады. Юнг адамзат мәдениетінде қайталанып отыратын әмбебап бейнелер жүйесін архетиптер деп танып, олардың рухани және психологиялық функцияларын анықтаған. Осы бағытты жалғастырған орыстың белгілі әдебиеттанушысы Е.М.Мелетинский архетиптерді мифологиялық жүйемен байланыстыра қарастырып, олардың көркем әдебиеттегі қызметін нақтылап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «ең маңызды мифологиялық архетиптер мен архетиптік мифологем ретінде Юнг ең алдымен «ана», «бала», «көлеңке», «анимус» («анима»), «данышпан қарт» («ақылды қария») архетиптерін бөліп көрсетті» деп атап өтеді (Мелетинский, 1994).

Е.М.Мелетинский К.Юнг ұсынған бұл алты архетипті адамзат мәдениетінің терең қабаттарында орныққан мифологиялық архетиптер ретінде бағалайды. Мұндай архетиптік бейнелер тек Батыс мәдениетіне тән құбылыс емес, қазақ дүниетанымында да көрініс табады.

Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел кейіпкері – күрделі, көпқабатты тұлға. Ол тек әлеуметтік немесе тұрмыстық сипаттағы кейіпкер емес, рухани эволюцияның, психологиялық тереңдіктің, ұлттық мәдени кодтар мен архетиптердің тоғысуынан туған тұлға болып көрінеді. Романдағы басты әйел кейіпкері әйел табиғатының әртүрлі қабаттарын ашып көрсетеді: қоғамдағы рөлі, жеке тұлғалық ерекшеліктері, рухани ізденісі, қорқыныш пен үміт арасындағы күресі. Осы арқылы Кемелбаева қазақ әйелінің сана эволюциясын көркемдік тұрғыда бейнелейді.

К.Юнг теориясына сәйкес, «Мұнара» романындағы әйел кейіпкерінде бірнеше архетиптік компонент байқауға болады.

Айжан архетип бойынша – ізденуші, қаһарман (жеке тұлға ретінде қалыптасу жолында, төзімді, ар-намысты биік қояды), ал Жамал – көлеңке, патшайым, қатал ана – материалдық жағынан үстем, бақылаушы, құндылықтарды бүрмалаушы), Лиля – мифологиядағы

трикстер архетипін еске түсіреді, айлакер, қу, ұрлықшы, Рита – бала архетипінің бұзылған формасы, олай деуімізге себеп, ол ерте есейген, әлеуметтік мәртебені сүйеніш көреді, қиянат не манипуляция жасауға да бейімді көрінеді. Осы төрт бейне арқылы автор КСРО ыдырап, байланыс пен ақша арналары үзіліп, нарықтық қатынастар қиындаған сәттегі, яғни, өтпелі кезеңдегі әйелдің әлеуметтік тірегі мен тұрмыстық еңбегін бейнелейді.

Сананың, кейіпкердің ішкі пайымының өзгерісінің мұндағы ең маңызды қызметі – баяндаушы Айжанның архетиптік деңгейде «жолға шыққан» кейіпкер ретінде сомдалуы, яғни оның санасының жекелену, дара индивид болу процесіне түсуі. Романдағы әйел бейнесі сыртқы әлеуметтік сипаттамамен шектелмей, кейіпкердің ішкі әлеміндегі моральдық таңдаулар мен этикалық сынақтардың кеңістігіне айналады.

Айжан бейнесі – жай ғана әлеуметтік кейіпкер емес, ол Персона (әлеуметтік рөл) мен Анима (рухани бастау) арасындағы алшақтықты жоюға ұмтылған күрделі трансформацияланған архетиптік құрылым.

Бұл трансформация мәтінде бірнеше қабаттар арқылы ашылады. Бірінші, таңырқау және қызығу кезеңі: Айжан бай әрі бөтен әлеуметтік кеңістікке алғаш енген кезде таңырқау күйін бастан кешіреді. Ол заттардың молдығын, кеңістіктің тәртібін және тұрмыстың бөтен моделін қабылдай отырып, өзін жаңа мәдени-әлеуметтік құрылымның алдында тұрғандай сезінеді [15, 22]. Бұл кезең – табалдырықтан өту кезеңі, яғни кейіпкердің бұрынғы тәжірибеден өзге шындыққа қадам басуы. Екінші, ішкі қарсылық және қорғаныс кезеңі: Жамал тарапынан байқалған күдік, әлеуметтік қысым және мәртебелік теңсіздік Айжанның санасында қорғаныс механизмдерін іске қосады. Ол өзін ақтауға, өзінің моральдық тұтастығын сақтауға ұмтылады [15, 33]. Осы сәтте кейіпкер алғаш рет әлеуметтік иерархияның қысымын ішкі деңгейде сезінеді. Үшінші, шындықтың ашылуы кезеңі: Лилианың ұрлығының әшкереленуі Айжан санасында моральдық айқындау сәтін туғызады. Мұндағы мәселе тек кінәлі мен кінәсіздің анықталуында емес, қоғамдағы өтіріктің қалай қалыпты құбылысқа айналып, тіпті заңдастырылып кететінін түсінуде жатыр [15, 42]. Бұл кезең кейіпкердің дүниетанымындағы иллюзиялардың ыдырауымен сипатталады. Төртінші, құндылықтарды қайта жинақтау кезеңі: романның соңғы беттерінде Айжанның баяндау үні жинақталып, тереңдей түседі. Ол енді әлемді сыртқы әсемдік немесе тартымдылық өлшемдері арқылы емес, әділет, жауапкершілік және моральдық шындық өлшемдері арқылы бағалауға жақындайды [15, 43]. Бұл кезеңде кейіпкердің санасы жаңа этикалық тұтастыққа жетеді.

Романның бастауынан-ақ баяндау құрылымының өзгешелігін аңғарамыз. Нарратология тұрғысынан қарағанда романда әйелдің ішкі даусының салмағы басым. Роман бастауында бірінші жақтан баяндалып, ішкі монолог пен ой-толғаныс кейіпкер Айжанның тұлғасын ашудың негізгі құралына айналған. Ал диалог тұрмыстық пәрмен мен әлеуметтік алшақтықты, күштілікті білдіретін тұстарында қолданылып, қысқа репликалармен шектеліп отырған. Төрт әйел кейіпкердің барлығының болмыс-бітімі көбіне Айжанның баяндаушы көзімен ашылады.

Жамал – осы романның бірінші бөліміндегі негізгі билік иесі. Ол – қатардағы қарапайым әйел емес, оның бұл бөлімдегі рөлі одан әлде қайда кеңірек: ол қаржының, тәртіптің, мәртебе мен беделдің орталық фигурасы іспетті. Жамалдың романдағы осы рөлі әйел архетипінің «Ұлы Ана» моделін еске түсіреді: ол үйді қорғаушы, бәрін үйлестіруші, тәртіп орнатушы.

Десек те, «Ұлы Ана» архетипінің Көлеңкелі де қыры бар. Мысалы, оның күдік келтіруі, ұдайы бақылауда ұстауы, кей сәттердегі негізсіз қысымы осыны көрсетеді. Ақша жоғалған сәттегі Айжанға мән-жайды айтқызуы оның қамқорлығын емес, билеушілігін анық байқатады:

«...Жамалдың өзі екен, ол бірден төтесінен қайырды:

– Айжан, жақын күндерде біздің үйден көп ақша жоғалды, сен ештеңе көрмедің бе?

– ?!

– Үйде сақтаулы тұрған әжептәуір ірі сома ұрланды. Кім алса да, қайтарып бергені дұрыс болар.

– Оған менің мүлде қатысым жоқ! Мен ұры емеспін, – деп ызалана дауыстадым мен трубкаға, шынымды айтсам, ішім мұздап кетті. Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан дегеннің кері, сенімсіз, қайырсыз, күдікті іске басым байланған екен» [15,33]. Бұл тұстан оның екі жақты қарама-қайшы сипатын байқаймыз, бір жағынан қарасаң ол үйдің «ұйытқысы», ал екінші жағынан өзінен әлсізге тізе батырып, жүйкесіне әсер етуші де. Осылайша, кейіпкер-нарратор Айжан «күшті әйел» моделін көре отырып, күштің ар жағындағы көлеңкелі қырын да аңғарады.

Ал Жамалдың қызы Ритадан «Жетім/Жаралы бала» архетипін аңғарамыз. Автор Ритаға қатысты оқиғалар желісін әрі нәзік, әрі күрделі оқиғаларға тізбектеп отырған. Романдағы Ритаға қатысты алғашқы сюжет қарапайым ғана тұрмыстық деталь арқылы беріледі:

«Рита, телевизорды өшір, мультфильмді көріп біттің ғой» [15, 21]. Бір қарағанда, ананың балаға айтатын күнделікті тыйымдарының бірі сияқты. Бірақ романның өзге де фрагменттеріндегі теледидар, мультфильм, видеомагнитофон, жарнама, клиптің бәрі де Ританың ішкі әлемін құрап тұрған, оның бойындағы бос кеңістіктерді толтырып тұрған негізгі күш секілді түйіледі. Мәселен, автордың мына бір жолдары: «Рита өте зерек, бірақ сан миллиондаған балаға тән сол қабілетін телевизордың құбыжық әсері жұтып қоятын болса керек. Ол жарнама атаулыны жатқа соғады, қалай экраннан тұтынушы іздеген жылмайы, саудайы сөздер сайлайды, солай дублер тәрізді сөзбе-сөз жарыса қайталап отырғаны,» – оның экрандағы әлемге тым бағыныштылығын да білдіріп тұр [15, 29]. Ол тек көрермен ғана емес, соның ықпалында қалған субъект екенін де аңғартады. Оның америкалық поп-мәдениет өкілдерін тамашалап, оларды қайталап-еліктеуі оның ішкі менін сыртқы жылтырақтармен тұмшалауға талпынысын, соның жетегінде кетіп бара жатқан қаупін де білдіреді. Автор суреттеген осы детальдардан-ақ оны архетиптік тұрғыдан «жаралы бала» деп тануымызға болады. Ол өзінің ата-анасының ыстық ықыласы, мейірім-махаббатынан гөрі экранның бергенін өзіне сіңіріп, ананың аялы алақаны мен жылуының орнына теледидар жылтырын өзіне қабылдап жатыр. Бұдан бөлек Ритаға берілген сыйлықтар, оның туған күні, демеушіліу пен класындағы оқиғалар оның санасында құндылық атаулының бәрі материалданып жатқанын көрсетеді. Романның бірінші бөліміндегі ең кішкентай кейіпкер екендігіне қарамастан, Рита да әйел әлемінің бөлігін құрайды. Жазушы оның айналасында болып жатқан оқиғалар, детальдардың бәрін де келешектегі әйелдің санасында құрылар заттың, мәртебенің символындай бейнелейді. Айжанның құрбысы Лилия бейнесі айлакер, нағыз епті қызметші ретінде бейнеленген. Оның мінез-құлқы, болмысы мәдени қаһарманның зұлымдық пен қулықты астастыра білген антогиист саналатын мифологиядағы трикстер архетипін еске түсіреді. Еске түсірсек, трикстер қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен адамгершілік қағидаттарды бұзып, алдау және ұрлықты құрар ете отырып, мақсатқа жетеді.

Шығармада Лилияның жағымпаздыққа және жасырын иемденуге бейімділігі айқын көрсетіледі: «Қожайын әйелдің Лилияға бауыр басып қалуының сырын күтуші қыздың тым жағымпаз мінезінен іздеу керек сияқты. Лилия Жамалды сыртынан жақтырмаса да, көзіне құлдық ұрып, не айтса да зыр жүгіріп кететін ақжарқын қалып танытатынға ұқсайды» [15, 33]. Бұл сипаттың бәрі де оны трикстер бейнесіне жақындатады, өйткені мұндай тұлғаға айлакерлік, екіжүзділік және ережені бұзу тән.

Алайда кейіпкердің іс-әрекетінің негізгі себептері көбіне тіршілік ету қажеттілігімен байланысты. Лилияда трикстер секілді «әлемді қайта құру» ниеті емес, әлеуметтік жағдайдың себебінен осылайша әрекет етеді. Осы тұрғыдан алғанда да, оның айлакерлігі тек өмір сүруге бейімделудің бір формасы ретінде ғана көрінеді. Басқалай интерпретацияласақ, Лилияны жағдайдың құрбаны, өзін сақтау үшін манипуляцияға баруға мәжбүр болған тұлға ретінде қарастыруға болады.

Өртүрлі халықтардағы мифологиялық трикстер бейнелермен салыстырғанда, Лилия хаосты тудырушы емес, жай ғана тұрмыстық деңгейдегі айлакерге жақын. Оның әрекеттері сондайлық символдық мәнге ие болмай, жеке басын алып жүру, тұрмыс шеңберімен ғана шектеледі. Сол себептен де, Лилия бейнесі толықтай трикстер архетипіне тән деп кесіп

айтпаймыз – ол алдауды тіршілік етудің құралы ретінде пайдаланатын әйел, нақтырақ айтқанда ішінара ғана ұқсастық тапқан бейне.

Романда кейіпкерлерден бөлек «тазалық» және «ұрлық» секілді екі детальдің де архетиптік қызметі бар. Үзінділерде өте жиі қайталанатын мотивтердің бірі – тазалық, жуып-шаю. Бұл сөзсіз, күтушінің міндеті. Қаламгер мұндай қарапайым детальді жайдан-жай алмаса керек. Ендеше, пәтерді тазалау – күнәдан арылу, тәртіп орнату секілді көрінеді де, ал осы тап-таза кеңістікте ұрлықтың орын алуы қайта-қайта қайталанатын сыртқы рәсім – тазалықкүшейген сайын адамның ішкі моральдық тазалығының әлсірете көрсетуінің өзінде мән бар.

Роман атауына мән бере қарасақ, «Мұнара» символикалық деңгейде кейіпкер Айжанның биік мұратын белгілеп қоятын деталь емес, оның рухани болмысын, адалдығы мен сабырлылығын, сондай-ақ ішкі еркіндігін білдіретін код іспетті. Романның бірінші «Бала бағушы» бөлімінде осы мән ашыла түседі. Ал «Соңғы жолбарыс» атты екінші бөлімде жолбарыс – рухани болмыстың, табиғатпен үйлесімділіктің, ішкі гармонияның, шындықтың тотемдік нышаны ретінде беріледі.

Роман желісінде гендерлік норма көріністері кеңестік жүйеден кейінгі кеңістіктегі үй мен қызметті қатар алып жүретін міндетпен қабаттасып, қарапайым әлеуметтік деректермен толықтырылып отырған. Екінші жағынан, Жамал арқылы «асыраушы әйел» феномені де көрініс тапқан. Жалпы әйелдің асыраушыға айналуы, әкенің отбасындағы дәрежесінің әлсіреп, аралас некедегі мәдени құндылықтар жүйесіндегі әркелкілік те алғашқы бөлімдегі салмақты жүк көтеріп тұрған деталдар.

Романның алғашқы бөліміндегі уақыт посткеңестік күйреу кезеңін әсерлі суреттейді: ақша аударымдарының тоқтап қалуы, қоғамдағы күйзеліс, үлкен мегаполисте аш қалу сезімдері нанымды бедерленген. Мәскеуде білім алып жүрген студент қыздың бір сәтте елінен келетін ақша арналарының жабылып, көңкөріс үшін бала бағып, күтуші болып кетуі оқиғалар легін ширата түседі. Автор басты кейіпкер арқылы контрасты екі әлемді қатар бетпе-бет қояды. Жап-жас студенттің интеллектуалды-білімге ұмтылған әлемін «көзге көрінбейтін үй тірлігімен» қақтығыстыра суреттейді.

Романда архетиптер «жалаң тип» деңгейінде емес, өтпелі кезеңдегі әйел тәжірибесінің түрлі қабаттарын құрайтын психомәдени модельдер ретінде көрінеді. Бір уақыт көші аяқталып, жаңа бір кезеңнің басталған сәтінде екі түрлі, бір-біріне қарама-қарсы типтегі екі кейіпкердің бір-біріне қарсы суреттелуі шығарманың мән-мазмұнын ерекшелендірген.

«Соңғы жолбарыс» атты екінші бөлімінде бір қарағанда автор мүлде өзгеше баянға қозғау салған. Бірақ аңдап қарасақ, кейіпкер Айжан осы бөлімдегі автор-баяндаушыға «сіңіп» кеткендей де. Бұл бөлімде табиғатпен үндес лиризм мен трагизм қатар өріліп, күшейе түскен. Осы бөлімдегі «Жолбарыс» әйел кейіпкердің сыртқы әлеуметтік рөлінен әлдеқайда биігірек. Жолбарыс – тотемдік бейне, рухани өзек деңгейіне көтерілген. Осыдан барып, автор екінші бөлімді сөзсіз бірінші бөлімнің жалғасы ретінде, әйелді тек әлеуметтік құрбан немесе еңбектенуші ретінде ғана емес, жасампаз рух иесі ретінде де көрсетеді. Яки, қоғамдағы түрлі трансформацияларға төтеп бере алатын алапат күш иесі ретінде бейнелейді.

Жолбарыс бейнесі тек аң емес, көне түркі және қазақ мифологиясындағы тотемдік мәнге ие, сол себептен де романда ол ұлттық рухтың символына айналады. Қазақ халық дәстүрінде жолбарыс – әлемнің төрт қырының қорғаны.

Түркі әлемінде жолбарыс – төрт бағыттың қорғаны, күн мен оттың символы ретінде қасиетке ие. Рухани ырымдарда жолбарысты түсінде көру – жақсы белгі, ал қазақ айтыстарында ақындардың рухани қамқоршылары ретінде жолбарыс пен қасқырдың ұғымы жиі аталады (мысалы, Жамбыл Жабаевтың тотемі жолбарыс).

Романның екінші бөлімінде аңдардың тұрмысы егжей-тегжей беріліп, анималистік проза стилінде суреттеледі, жолбарыстың табиғи әрекеті арқылы қазақтың «өршіл, мықты рухы» танытылады.



Осы бейнелердің барлығы автордың жаһанға қарапайым пейішпей емес, сана-сезім мен рухтың көтерілуін бейнелеуге ұмтылысын көрсетеді. Әдебиеттанушы-ғалым А.Қалиева атап өткендей, қазақ даласына қайтып оралған барысты жақсылық пен ұлттық рухтың жаңғыруының нышаны ретінде бағалау – осы символдық деңгейге негізделген тұжырым [15, 340].

Ғалым Е.Қанкей бұл роман жайында: «...бүгінгі әдебиеттануда «интеллектуалды проза» мен соның өзіне сәйкес оқырманы бар екені айтылып жүр. Енді бұған, қазақша айтқанда, құрақ көрпе сияқты «синтетикалық» шығармаларды да қосыңыз «Мұнара» романының бірінші бөлігіндегі «Бала бағушыны» әуелгі атаған түрге жатқызуға болса, екінші бөлігі «Соңғы жолбарыс» әртүрлі эпизодтар мен сюжеттерді құрастырып, кино тілімен айтқанда монтаждап берген «синтетикалық прозалардың» үлгісі деуге болады. Алайда, бұл екі бөлім іштей әлдебір философиялық (авторлық) өзектерімен байланысты екен», – деген екен.

Романдағы екі бөлімді біріктіретін басты философиялық өзек – адамның болмыстық ізденісі мен рухтың трансформациясы. Егер бірінші бөлімдегі «Бала бағушы» кейіпкері экзистенциалдық дағдарысқа түскен, әлеуметтік қысым мен тұрмыстық тауқыметтің құрсауындағы заманауи адамның бейнесін сомдаса, екінші бөлімдегі «Жолбарыс» сол адамның ішкі еркіндікке, табиғи тазалыққа және нысаналы рухқа ұмтылған метафоралық бейнесі іспетті.

Автор бұл екі бөлімді біріктіру арқылы мынадай маңызды ойларды түйіндейді: «Мұнара» – тек биік ғимарат емес, ол адам санасының өсу сатылары. Бірінші бөлімдегі қалалық суық ландшафт екінші бөлімдегі тұз табиғатымен астаса отырып, адамның түп-тамырына (тотемге) қайта оралуын меңзейді.

Тәни және рухани азаттық: Кейіпкер Айжанның автор-баяндаушыға «сіңіп» кетуі – бұл жеке адамның шеңберінен шығып, жалпыұлттық, тіпті жалпыадамзаттық рух деңгейіне көтерілу процесі. Мұндағы «монтаждау» тәсілі оқырманға адам мен табиғаттың бөлінбейтін біртұтас энергия екенін ұғындырады.

Міне, А.Қалиева айтқан «ұлттық рухтың жаңғыруы» мен Е.Қанкей меңзеген «интеллектуалды проза» осы жерде түйіседі [16], [17]. Романның философиялық өзегі – жаһандану дәуірінде өз «Мұнарасын» (идеалды әлемін) тұрғызғысы келетін адамның ішкі арпалысы мен жеңісі іспетті.

Қорыта айтқанда, екі бөлімнің ішкі байланысы – антропологиялық тұтастықта. Автор әлеуметтік деңгейден (әйел тағдыры) мифологиялық деңгейге (жолбарыс рухы) өту арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа сапалы синтетикалық прозаның үлгісін жасаған. Бұл – тәннің азабынан басталып, рухтың азаттығымен аяқталатын философиялық сапар.

**Нәтижелер.** Зерттеу нәтижелері Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі қазақ прозасындағы архетиптік құрылым мен сана трансформациясының жаңа сапалық деңгейін көрсететінін дәлелдейді. Романдағы Айжан бейнесі – жай ғана әлеуметтік кейіпкер емес, ол Юнгтік «Персона» (әлеуметтік рөл) мен «Анима» (рухани бастау) арасындағы алшақтықты жойып, өзінің шынайы болмысын аша алған тұлға. Бұл архетиптер кейіпкердің саналық трансформациясының кезеңдерін бейнелей отырып, оның әлеуметтік «Персонадан» рухани тұтастыққа өту процесін көрсетеді. Романдағы өзге әйел бейнелері архетиптік жүйе ретінде ұйымдастырылған. Жамал («Ұлы Ана»), Лиля («Трикстер»), Рита («Жаралы бала») бейнелері арқылы автор өтпелі кезеңдегі әйелдер тағдырының архетиптік картасын сызған.

Романның композициялық құрылымы да кейіпкер санасының трансформациясын бейнелеуге бағытталған. Романның екі бөлімі («Бала бағушы» және «Соңғы жолбарыс») арасындағы философиялық байланыс – адамның экзистенциалдық дағдарыстан рухани азаттыққа өтуін бейнелейді. Бұл құрылымдық тұтастық кейіпкердің бастапқы әлеуметтік тәуелді күйден рухани еркіндік деңгейіне дейінгі ішкі қозғалысын көрсетеді. Осы арқылы А. Кемелбаева қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлттық код пен әлемдік архетиптерді тоғыстырған жаңа сапалы синтетикалық прозаны ұсынған.

Айжанның бастан кешкен трансформациясы – тәннің азабынан басталып, рухтың азаттығымен аяқталатын философиялық сапар. Бұл процесс барысында кейіпкер әлеуметтік тәуелділік жағдайынан рухани автономия деңгейіне жетеді. Нәтижесінде, қазақ прозасындағы әйел образы әлеуметтік қалыптан шығып, жасампаз рух иесі ретіндегі жаңа сапалық деңгейге көтеріледі. Бұл – әйел бейнесінің әлеуметтік типтен архетиптік және экзистенциалдық субъект деңгейіне өтуінің көрінісі.

Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің тарихи эволюциясы «Мұнара» романындағы архетиптік трансформацияның мәдени негіздерін түсіндіруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Қазақ әдебиетінде әйел образы ежелден көркемдік дүниетанымның маңызды нысаны болғанымен, оны ғылыми тұрғыда жүйелі талдау XX ғасырдың екінші жартысында ғана қалыптаса бастады. Кеңестік кезеңде әйел бейнесі көбіне әлеуметтік-идеологиялық тұрғыдан қарастырылып, оның тұлғалық және психологиялық болмысынан гөрі қоғамдық қызметі мен әлеуметтік рөліне басымдық берілді.

Бұл кезеңдегі әйел бейнесінің ерекшелігі туралы зерттеушілер Сәуле Мыңжасарованың «Әйел бақыты» романына қатысты: «Романда сол кездің саяси режимдеріне ешқандай қайшылық деректер кездеспейді, қайта кеңестік әйелдің теңдігі мен еркіндігі туралы насихатқа негізделіп жазылған», – деген пікірді айтады [18,18]. Бұл тұжырым кеңестік әдебиеттегі әйел бейнесінің идеологиялық сипатта қалыптасқанын дәлелдейді.

Алайда уақыт өте келе қазақ әдебиетінде әйел бейнесінің табиғаты күрделене түсті. 1950-1960 жылдары әйел бейнесі қоғамдық қызметкер деңгейінен адамдық тұлға деңгейіне көтеріле бастаса, 1970-1980 жылдары психологиялық прозаның дамуына байланысты әйел бейнесі рухани ізденістің субъектісіне айналды. Бұл кезеңде әйел бейнесінің ішкі драматизмі, моральдық таңдауы және рухани азабы алдыңғы қатарға шықты. Әйел енді сыртқы әлеуметтік белсенділіктің объектісі емес, ішкі рухани қозғалыстың субъектісі ретінде бейнеленді.

Тәуелсіздік кезеңінде бұл үрдіс жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Әдебиеттануда гендерлік, мәдениеттанулық, психоаналитикалық және философиялық әдіснамалар кеңінен қолданылып, әйел бейнесі архетиптік құрылымдар мен ұлттық рухани код тұрғысынан қарастырыла бастады. Бұл бағыттағы зерттеулерде әйел бейнесінің мәдени және әлеуметтік трансформациясының күрделі сипаты атап көрсетіледі. Қазіргі зерттеулерде әйелдердің әлеуметтік рөлдерінің кеңеюіне қарамастан, гендерлік теңсіздік мәселелерінің сақталып отырғаны да көрсетіледі [19].

Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің трансформациясы бірнеше негізгі деңгейде жүзеге асқанын анықтады. Біріншіден, әйел образы әлеуметтік типтен рухани тұлға деңгейіне өтті. Екіншіден, идеологиялық символдан психологиялық және экзистенциалдық субъект деңгейіне көтерілді. Үшіншіден, ұжымдық бейнеден жеке дара тұлға деңгейіне жетті. Бұл трансформация әйел бейнесінің архетиптік құрылымын және оның ұлттық мәдениетпен байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романында бұл трансформация толық көркемдік деңгейде жүзеге асқан. Романдағы Айжан бейнесі әйел тұлғасының әлеуметтік рөлмен шектелмейтінін, оның ішкі сана кеңістігі арқылы рухани тұтастыққа жететінін көрсетеді. Кейіпкердің рухани эволюциясы өмір мен өлім, қорқыныш пен үміт, жарық пен көлеңке арасындағы архетиптік қарама-қайшылықтарды еңсеру арқылы жүзеге асады.

Осылайша, зерттеу нәтижелері «Мұнара» романындағы Айжан бейнесі қазақ прозасындағы әйел образының архетиптік трансформациясының жаңа кезеңін бейнелейтінін көрсетті. Бұл трансформация ұлттық мәдени архетиптер мен әлемдік психологиялық модельдердің синтезі негізінде жүзеге асқан. Нәтижесінде, әйел бейнесі әлеуметтік құрылымның объектісінен рухани трансформацияның субъектісіне айналып, ұлттық әдебиеттегі әйел тұлғасының жаңа архетиптік моделін қалыптастырды.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері әйел бейнесін архетиптік және психологиялық трансформация тұрғысынан зерделеу қазіргі әдебиеттанудағы маңызды гуманитарлық парадигмалардың бірі екенін көрсетті. Әйел тұлғасы тек әлеуметтік немесе тұрмыстық



бейне ғана емес, ол – мәдениеттегі архетиптік жадтың, ұжымдық бейсананың және сана эволюциясының көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, әйел бейнесі адам болмысының ішкі қозғалысын және рухани қалыптасу үдерісін бейнелейтін архетиптік модель ретінде танылады.

Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы Айжан бейнесі қазіргі заманғы әйел бейнесінің трансформациясын көркем түрде көрсететін үлгі болып табылады. Романдағы әйел образы тек дәстүрлі қана емес, сонымен бірге заманауи қоғамдағы белсенді, білімді, өзіндік көзқарасы бар, моральдық және психологиялық тұрғыдан күрделі тұлға ретінде суреттелген. Айжан бейнесі арқылы автор әйелдің жеке адам ретіндегі дамуы, әлеуметтік рөлін өзгерту, қоғамдағы орны мен құқықтарын айқындау мәселелерін көркемдік тұрғыда ашып көрсетеді.

Сонымен қатар, бұл образ әйелдің рухани кемелденуі, кәсіби және шығармашылық белсенділігі, отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілігі сияқты аспектілер арқылы дамытылып, қазақ прозасындағы әйел бейнесінің жаңа үлгісін қалыптастыруға үлес қосады. Ол әлеуметтік тәуелді тұлғадан рухани автономияға жеткен субъект ретінде қалыптасады. Бұл қазақ прозасындағы әйел бейнесінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін дәлелдейді. Бұл тұжырым Ю.М.Лотманның «әйел мәдениеті» туралы концепциясымен де үндеседі. Ғалым: «Әйел мәдениеті дегеніміз – бұл тек әйелдердің мәдениеті ғана емес, ол – мәдениетке деген өзгеше көзқарас, оның көпүнділігінің ең қажетті бөлшегі» деп көрсетеді [20, 399]. Осы тұрғыдан алғанда, әйел бейнесі көркем мәтінде тек кейіпкер ғана емес, мәдениеттің рухани тұтастығын және саналық трансформациясын бейнелейтін маңызды архетиптік құрылым ретінде көрінеді.

Осылайша, «Мұнара» романындағы әйел бейнесі ұлттық әдебиеттегі әйел тұлғасының әлеуметтік типтен рухани субъект деңгейіне өткенін көрсетіп, оның мәдени жад пен сана трансформациясының көркем бейнесі ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

### Әдебиеттер

1. Юнг К. Архетиптер және ұжымдық бейсаналық. – М.: Издательство АСТ, 2020. – 150 с.
2. Тойшыбаева С. Революцияға дейінгі қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнелері. – Алма-Ата: АН КазССР, 1963. – 145 с.
3. Тыныбаева С. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы әйелдер образы. – Алматы: Ғылым, 1975. – 112 б.
4. Екшембаева Г. Түркітілдес халықтарда (қазақтар, хакас, алтай, қырғыз, шор) батырлық эпостарындағы әйел бейнесінің эволюциясы. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 198 с.
5. Исмаилова Ф. Қазақ прозасындағы әйел бейнелерінің типологиясы (20–30 жж.). – Алма-Ата: КазГУ, 1989. – 56 с.
6. Абдуллина Г. Автор және «әйел прозасы» шығармаларындағы автор позициясы мәселесі. – Уфа: БГУ, 1997. – 132 б.
7. Тапанова Г. Алғашқы қазақ романдарындағы әйелдер образын жасау эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 120 б.
8. Кенжебаева Г. Әйел прозасындағы әйел образының ерекшелігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 98 б.
9. Исмаилова Ф. Феминистік имагология. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 140 с.
10. Әбутәлиева Ж. Қазақ тарихи романындағы әйелдер бейнесінің жасалу ерекшеліктері (1960–1980 жж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 105 б.
11. Мелетинский Е.М. Әдеби архетиптер туралы. – М.: Российский государственный гуманитарный университет, 1994. – 136 с.
12. Элиаде М. Қасиетті және кәдімгі дүние / француз тілінен аударған, алғысөзі мен түсіндірмелерін жазған Н.К. Гарбовский. – Мәскеу: ММУ баспасы, 1994. – 143 б.
13. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984, – 272 б.
14. Жұртбай Т. Миф // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005.

15. Кемелбаева А. Мұнара: роман, әңгімелер, киносценарий. – Астана: Фолиант, 2023. – 380 б.
16. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: Evo Press, 2014. – 708 б.
17. ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011жж.). – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.
18. Мәдібаева Қ. Қ., Төлеу А. Б. Сара Мыңжасарованың «Әйел бақыты» романындағы әйел образдарының гендерлік бірегейлігі // Керуен. – 2025. № 2 (87). –17–32 б. – ISSN 2078-8134. – DOI :10.53871/2078-8134.2025.2-01. <https://keruenjournal.kz/main/article/view/1100/494>
19. Басқынбаева Н., Массалимова А., Өмірбекова А., Күдерина А., Әбікенов З. Қазақстанның қазіргі медиа кеңістігіндегі әйел бейнесі: гендерлік стереотиптердің трансформациясы үрдістері. *Changing Societies & Personalities*, Vol. 8, № 2 (2024), P. 443-464. URL: <https://changingsp.com/ojs/index.php/csp/article/view/513/283>
20. Лотман Ю. М. Орыс мәдениеті жайлы әңгімелер: XVIII–XIX ғғ. орыс дворяндарының тұрмысы мен дәстүрі. – СПб.: Искусство, 1994. – 399 с.

**Ж.Б. САРСЕНБАЕВА, А.П. КУРМАНБАЙ**

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

**Г.С. ОБАЕВА**

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актюбе, Казахстан

## **ЖЕНСКИЙ ОБРАЗ В РОМАНЕ АЙГУЛЬ КЕМЕЛБАЕВОЙ «МҰНАРА»: АРХЕТИП И ТРАНСФОРМАЦИЯ СОЗНАНИЯ**

**Аннотация.** В данной статье комплексно рассматривается архетипическая и психологическая трансформация женского образа в романе «Мұнара» известной представительницы современной казахской прозы Айгуль Кемелбаевой. Актуальность исследования обусловлена необходимостью научного осмысления процесса формирования женского образа в национальной литературе, который выходит за рамки традиционных социальных ролей и предстает как духовный субъект, носитель культурной памяти и художественное воплощение внутреннего развития сознания. Цель исследования – определить уровень художественного воплощения женского образа в современной казахской литературе путем анализа архетипической структуры женских персонажей романа «Мұнара», их мифопоэтических оснований и внутреннего психологического состояния.

В процессе написания статьи использовались архетипический, психоаналитический, мифопоэтический и герменевтический методы анализа. Наряду с этим были исследованы символическая система текста, категории времени и пространства, функции природных и тотемических образов, а также их связь с трансформацией сознания героини. Женский образ в романе рассматривается не только как социальный тип или бытовой персонаж, но и как духовная личность, развивающаяся в пространстве архетипического сознания. Автор художественно раскрывает внутренние переживания героини, её одиночество, поиск себя и этапы духовного возрождения через мифологические и символические образы.

В результате исследования установлено, что в романе «Мұнара» Айгуль Кемелбаева поднимает женский образ с социального уровня до уровня духовного субъекта, художественно связывая его с национальными культурными кодами, архетипическими структурами и коллективным бессознательным. Композиционная структура и сюжет произведения отражают внутреннее развитие героини, процесс индивидуации и этапы духовного становления личности. Таким образом, роман «Мұнара» представляет собой значимое произведение современной казахской прозы, углубляющее художественную интерпретацию женского образа и раскрывающее его культурно-философский и мифопоэтический смысл.

**Ключевые слова:** образ женщины, архетип, эволюция сознания, трансформация, мифопоэтика, психологизм.

**ZH.B. SARSENBAYEVA, A.P. KURMANBAY**

M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

**G.S. OBAYEVA**

Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

## **THE FEMALE IMAGE IN AIGUL KEMELBAYEVA'S NOVEL "MUNARA": ARCHETYPE AND TRANSFORMATION OF CONSCIOUSNESS**

**Annotation.** This article comprehensively examines the archetypal and psychological transformation of the female image in the novel *Munara* by Aigul Kemelbayeva, a prominent representative of modern Kazakh prose. The relevance of the study lies in the scholarly interpretation of the process through which the female figure in national literature transcends traditional social roles and emerges as a spiritual subject, a bearer of cultural memory, and an artistic representation of the inner development of consciousness. The purpose of the study is to determine the level of artistic representation of the female image in contemporary Kazakh literature by analyzing the archetypal structure of the female characters in *Munara*, their mythopoetic foundations, and the psychological depth of the protagonist.

The research methodology is based on archetypal, psychoanalytic, mythopoetic, and hermeneutic approaches. In addition, the symbolic system of the text, the categories of time and space, and the functions of natural and totemic images were analyzed in order to reveal their connection with the transformation of the protagonist's consciousness. The female image in the novel is interpreted not merely as a social type or domestic character, but as a spiritual personality developing within the space of archetypal consciousness. The author artistically conveys the heroine's inner experiences, loneliness, self-search, and stages of spiritual renewal through mythological and symbolic imagery.

The results of the study demonstrate that in the novel *Munara*, Aigul Kemelbayeva elevates the female image from a social level to the level of a spiritual subject, presenting it in close connection with national cultural codes, archetypal structures, and the collective unconscious. The compositional structure and plot of the novel reflect the heroine's inner development, the process of individuation, and stages of spiritual maturation. In this regard, *Munara* represents an important work in contemporary Kazakh prose that deepens the artistic interpretation of the female image and reveals its cultural, philosophical, and mythopoetic significance.

**Keywords:** female image, archetype, evolution of consciousness, transformation, mythopoetics, psychological depth.

### **References:**

1. Іlung K. Архетиптер және ұйымдық beisanalyq. – М.: İzdatelstvo AST, 2020. – 150 s.
2. Тоішыбаева S. Revolüsiäğa deingı qazaq ädebiätindegi äielder beineleri. – Alma-Ata: AN KazSSR, 1963. – 145 s.
3. Tynybaeva S. M. Äuezovtiñ «Abai joly» epopeiasyndağy äielder obrazy. – Almaty: Čylym, 1975. – 112 b.
4. Ekşembaeva G. Türkıtildes halyqtarda (qazaqtar, hakas, altai, qyrğyz, şor) batyrlyq epostaryndağy äiel beinesiniñ evolüsiasy. – Alma-Ata: Nauka, 1987. – 198 s.
5. İsmailova F. Qazaq prozasynyndağy äiel beineleriniñ tipologiasy (20–30 jj.). – Alma-Ata: KazGU, 1989. – 56 s.
6. Abdullina G. Avtor және «äiel prozasy» şyğarmalaryndağy avtor pozisiasy mäselesi. – Ufa: BGU, 1997. – 132 b.
7. Tapanova G. Alğaşqy qazaq romandaryndağy äielder obrazyn jasau evolüsiasy. – Almaty: Qazaq universiteti, 1998. – 120 b.
8. Kenjebaeva G. Äiel prozasynyndağy äiel obrazynyñ ereşeligi. – Almaty: Qazaq universiteti, 2000. – 98 b.

9. İsmailova F. Feministik imagologia. – Almaty: Qazaq universiteti, 2006. – 140 s.
10. Äbutälieva J. Qazaq tarihi romanyndaғы äielder beinesiniñ jasalu erekşelikteri (1960–1980 jj.). – Almaty: Qazaq universiteti, 2006. – 105 b.
11. Meletinski E.M. Ädebi arhetipter turaly. – M.: Rosiski gosudarstvennyi gumanitarnyi universitet, 1994. – 136 s.
12. Eliade M. Qasietti jäne kädimgi dünie / fransuz tlınen audarğan, alğysözi men tüsindirmelerin jazğan N.K. Garbovski. – Mäскеu: MMU baspasy, 1994. – 143 b.
13. Qasqabasov S. Qazaqtyñ halyq prozasy. – Almaty: Čylym, 1984. – 272 b.
14. Jürtbai T. Mif // Älemdik mädeniettanu oi-sanasy. On tomdyq. 2-tom. Mifologia: qūrylymy men rāmızderi. – Almaty: Jazuşy, 2005.
15. Kemelbaeva A. Mūnara: roman, āñgimeler, kinosenari. – Astana: Foliant, 2023. – 380 b.
16. Qazırgı ädebiettegi jalpyadamdyq qūndylyqtar. – Almaty: Evo Press, 2014. – 708 b.
17. HHİ ğasyrdaғы qazaq ädebieti (2001–2011jj.). – Almaty: Arda, 2011. – 640 b.
18. Mädiäbaeva Q. Q., Töleu A. B. Sara Myñjasarovanyñ «Äiel baqyty» romanyndaғы äiel obrazdarynyñ genderlik biregeiligi // Keruen. – 2025. № 2 (87). –17–32 b. – ISSN 2078-8134. – DO I:10.53871/2078-8134.2025.2-01. <https://keruenjournal.kz/main/article/view/1100/494>
19. Basqynbaeva N., Massalimova A., Ömirbekova A., Küderina A., Äbikenov Zh. Qazaqstannyñ qazırgı media keñıstıgındegi äiel beinesi: genderlik stereotipterdıñ transformasiy ürdisteri. Changing Societies & Personalities, Vol. 8, № 2 (2024), P. 443-464. URL: <https://changing-sp.com/ojs/index.php/csp/article/view/513/283>
20. Lotman İu. M. Orys mädenieti jaily āñgimeler: XVIII–XIX ğğ. orys dvorāndarynyñ türmysy men дәstüri. – SPB.: İskustvo, 1994. – 399.

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Сәрсенбаева Жансұлу Бәденқызы** – аударма ісі магистрі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

**Жансұлу Сарсенбаева Баденовна** – магистр переводческого дела, научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан.

**Sarsenbayeva Zhansulu Bedenovna** – master of Translation Studies, researcher of the M.O.Auezov Institute of literature and art, Almaty, Kazakhstan.

**Құрманбай Айжан Пердебекқызы** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

**Құрманбай Айжан Пердебековна** – магистр гуманитарных наук, научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан.

**Kurmanbay Aizhan Perdebekovna** – Master of Humanities, researcher at the Auezov Institute of literature and art, Almaty, Kazakhstan.

**Обаева Гүлнәр Сәдуақасқызы** – философия докторы (PhD), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, Ақтөбе, Қазақстан.

**Обаева Гүлнәр Садуақасовна** – доктор философии (PhD), старший преподаватель Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан.

**Obayeva Gulnar Saduakasovna** – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer at K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.